

**6D072100 - «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған Есентаева Айжан Амангельдиевнаның «Мұнай жинау жүйесінің құбыржолдарын техникалық госсипол және полиолефиндер негізінде антикоррозиялық құрамын құрастыру» тақырыбындағы диссертациясына
Ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертация тақырыбы ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді. Диссертация жұмысы КЕАҚ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті», «Мұнай өңдеу және мұнай химиясы» кафедрасында ГБ-16-03-05 «МӨЗ жабдықтары мен құбыр жолдарын тоттанудан қорғау үшін құрамдастырылған жабындар алу технологиясын жасау», (2015-2020 жж.), сонымен қатар тақырып бойынша мақсатты қаржыландыру №199: «Май өнеркәсібінің қалдықтарынан мұнайгаз саласына арналған жаңа тиімді материалдарды алу технологиясын жасау» ғылыми-зерттеу тақырыптары аясында орындалды
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертанттың зерттеу барысында алған ғылыми-тәжірибелік жетістіктері ғылымға елеулі үлесін қосады. Диссертацияның ғылыми жаңалығы техникалық госсиполдың еркін түрінде де, мақта қосылысының құрамында да радикалды реакциялардың белсенді ингибиторының, полиолефиндердің тотығу ингибиторының, полимер тұрақтандырғышының қасиеттерін көрсету қабілетінен тұрады. Физика-химиялық зерттеулер негізінде коррозияға қарсы құрамды алу кезінде госсипол молекулалары, оның туындылары, май қышқылдары, соапсток глицеридтері қатысатын химиялық процестердің барысы туралы болжам жасалды. Толықтырғыштардың түрінің алынған композиттердің физика-химиялық қасиеттеріне әсері көрсетілген және композиттердің көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік беретін коррозияға қарсы құрам компоненттерінің бірлескен әсері

			анықталған. Химиялық және физикалық модификация әсерінің жиынтығы есебінен, оның ішінде мақта соапстоқты қолдану арқылы күрделі құрамдағы композиттердің жоғары пайдалану сипаттамаларын қамтамасыз ету мүмкіндігі теориялық және эксперименттік дәлелденген.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Докторант А.А.Есентаева диссертациялық жұмысты жазуда өзі жазу принципін ұстанған. Автор диссертацияны жазу барысында ғылыми мәлімет беруді көздеген. Барлық талданған ақпараттар дербес әрі түсінікті, мағыналы құрылымды сақтай келе, өзара үйлесіп, автордың диссертацияны жазудағы жеке ғылыми стилінің жоғары деңгейде екендігін көрсетеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігінің негіздемесі мұнай кәсіпшілігі жабдықтарының өндіруші ұңғымалардан өлшеу қондырғыларына дейін және одан әрі мұнайды кешенді дайындау қондырғысына тасымалдау кезінде ұңғымалық өнімді жинау жүйелерінің құбырларының коррозиясы ғалымдар мен өндірісшілердің назарында болып келеді. Бұл диссертациялық жұмыста мәселені шешу қажеттілігі тиімді және арзан композициялық материалдарды алу үшін қол жетімді шикізатты іздеу мәселесін шешудің заманауи талаптарына байланысты, жер үсті және жер асты жағдайларында пайдаланылатын құбырлардың атмосфералық коррозиясы жағдайында мұнай жинау жүйесінің мұнай кәсіпшілігі жабдығын коррозиядан қорғау үшін жабындар алу технологиясын әзірлеу мәселесіне негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды. Диссертация мазмұны кіріспеден, 3 тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер мен қосымшалардың тізімінен тұрады. Диссертациялық жұмыс мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша диссертация тақырыбын айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді;	Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Жүргізілген зерттеулердің мақсаты мұнай жинау жүйесінің мұнай құбырлары үшін соапсток, техникалық

		3) сәйкес келмейді	госсипол және полимерлер негізінде коррозияға қарсы жабындарды алу болып табылады. Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін келесі мәселелер шешілді: мұнайды жинау жүйелерінің мұнайкәсіпшілігі жабдықтарын атмосфералық және жер асты коррозиясы жағдайында коррозиядан қорғау мәселелеріне талдау жүргізу; зерттеу нысандарын, әдістерін таңдау және зерттеудің материалдық базасын қамтамасыз ету; госсиполдың және оның туындыларының, полиолефиндер мен бірқатар толықтырғыштар негізінде аралас қоспалы композицияларды алу және олардың қасиеттерін зерттеу; тұрақтандырғыш ретінде техникалық госсиполды пайдалана отырып, бактерияға қарсы композициялар алу.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылысы және қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлігі логикалық тұрғыдан толық байланысқан. Бұл ретте диссертациялық жұмыстың ғылыми-тәжірибелік нәтижелері тұжырымдық тұтастығымен, зерттеудің негізгі қорытындыларының қисынды бірлігімен сипатталады.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Ғылыми, нормативтік және заңнамалық дереккөздерді ғылыми әдістемелік зерттеулерді тиянақты сыни талдау негізінде докторант жаңа нәтижелерді ұсынады: Мұнай жинау жүйесінің мұнай құбырлары үшін композициялық коррозияға қарсы жабындардың жаңа құрамдарын алудың экономикалық тиімділігін есептелді және диссертациялық жұмыстың нәтижелері бойынша мұнай жинау жүйесінің құбырларында коррозияға қарсы композицияларға «Нефтехимстрой-Юг» ЖШС-де өндірістік сынақтар жүргізілді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Докторант А.А.Есентаеваның диссертациялық жұмысындағы зерттеудің ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа болып саналады. 1.Техникалық госсиполды, полиолефиндер мен толтырғыштарды пайдалана отырып, мұнай жинау жүйесінің мұнай құбырларын қорғау үшін коррозияға қарсы жабындарды өндіру технологияларын жасаудың қағидатты мүмкіндігі дәлелденді және негізделді;

			<p>2.Еркін түрдегі және мақта соапстогының құрамындағы техникалық госсиполдың, полиолефиндердің, полимерлердің тұрақтандырғышының тотығуларын тежеуші қасиеттерінің қабілеттіліктері көрсетілген. Төмен тығыздықты полиэтиленнің құрамына соапсток пен госсиполды енгізу полимердің тотығуын тежейді, нәтижесінде алынған коррозияға қарсы композициялар тұрақты болады;</p> <p>3.Техникалық госсипол және оның туындылары негізінде алынған бактерияға қарсы композицияның 25-30% концентрациясы кезінде сульфатты тотықсыздандырғыштар (СТБ) бактерияларының тіршілік деңгейінің қорғаныс әсері едәуір дәрежеде баяулайтыны анықталды. Мұнай құбырының коррозиясы кезінде СТБ баяулату дәрежесі 10 сағат әсер ету уақыты кезінде 50-60% және 20 сағат әсер ету уақыты кезінде тиісінше 65-80% құрайды.</p> <p>4.Физика-химиялық зерттеу әдістерінің негізінде, коррозияға қарсы композиция құрамында химиялық процестердің өту барысы туралы болжам жасалды. ИҚ, УК және ЯМР (ПМР) әдістерімен алынған коррозияға қарсы композиттің құрылымы белгіленді. Композитті алу кезінде химиялық өзара әрекеттесу 7,7' белгідегі көміртек атомдарының орны бойынша сәвиленнің карбонилді топтары мен госсипол молекулаларының гидроксилді топтарының орнында сутегі байланыстарының болуына байланысты болатындығы көрсетілген.</p> <p>5.Коррозияға қарсы жабынның құрамындағы 30-35% концентрациясы кезінде сәвилен, техникалық көміртек, соапсток және қозапая мұнай құбырының болат бетіндегі адгезияны арттыратыны анықталды.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>А.А.Есентаеваның диссертациялық жұмысының қорытындылары ғылыми-теориялық негізде дәлелденуімен, жаңа болып саналады. Диссертацияның қорытындылары деп келесілерді айтамыз:</p> <p>1) Мұнай кәсіпшілігі жабдықтарының, оның ішінде мұнай жинау жүйесінің құбырларының коррозиясы мәселесін талдау бүгінгі күні қорғаныш жабындарын жағу үшін жаңа материалдар мен технологиялар ұсынылатынына қарамастан, коррозия</p>

			<p>мұнай құбырларын пайдалану кезінде елеулі асқынулар тудыратынын көрсетеді. Тиімді және қол жетімді коррозияға қарсы жабындарды алу үшін мақта қосылыстарымен және толтырғыштармен полимерлі қосылыстарды қолдану. Бұл технологиялар түпкілікті өнімнің өзіндік құнын төмендетуді қамтамасыз ететін болады.</p> <p>2) Полиолефиндер, госсипол, оның туындылары мен толықтырғыштар негізінде аралас композициялардың қасиеттері алынды және зерттелді. 130 °С кезінде тұрақтандырғыштары бар тығыздығы төмен полиэтиленнің құрамымен оттегінің сіңірілуінің кинетикалық тәуелділігіне сүйене отырып, полиэтиленге тұрақтандырғыштарды енгізу полимердің тотығуын тежейді, яғни алынған материал техникалық госсипол мен болған кезде термиялық тұрғыдан тұрақты болады.</p> <p>3) Антибактериалды қоспа ретінде техникалық госсипол бар антикоррозиялық құрам әзірленді. Сонымен қатар, дезинфекциялық құрамды қолдану 5,0% және әсер ету уақыты 10 сағатты қосқанда тиімді. Микроорганизмдердің концентрациясы 400 еседен астам төмендейді. Бұл композиция мұнай жинау жүйесінің құбырларының коррозияға қарсы жабындарында қолданылуы мүмкін.</p> <p>4) Полимерлі композициялардың тиімді құрамы алынды: савилен; соапсток; козапая; техникалық көміртек; ұсақталған полиэтилентерефталат. ИК, УК және ЯМР (ПМР) әдістері негізінде алынған коррозияға қарсы композиттің құрылымы белгіленді. Композитті алу кезінде химиялық өзара әрекеттесу 7,7 ' позициядағы көміртегі атомдарының орнына савиленнің карбонилді топтары мен госсипол молекулаларының гидроксил топтарының орнында сутегі байланыстарының арқасында жүретіні көрсетілген.</p> <p>5) Мұнай құбырларын коррозиядан қорғау үшін композициялық композициялар алынды (05.09.2019 ж. №4570 және 16.10.2020 ж. №5449 пайдалы модельге патенттер). Мұнай жинау жүйесінің мұнай құбырлары үшін композициялық жабынды алудың технологиялық сызбасы әзірленді.</p>
--	--	--	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

			<p>Технология қатты тұрмыстық қалдықтардың құрамында қоршаған ортаның негізгі ластаушысы болып табылатын полиэтилентерeftалатты (ұсақталған пластик) пайдалануға және жоюға негізделген. Атмосфералық (6 ай) және жер асты (10 ай) мұнай жинау жүйесінің шығару құбырының коррозиясы зерттелді. Бұл жабынды жүйенің құбырларын коррозиядан қорғауды қамтамасыз етеді</p> <p>б) Жұмыс нәтижелері «Нефтехимстрой-ЮГ» ЖШС-де өнеркәсіптік сынақтар жүргізілді. Сынақ нәтижелері әзірленген жабынды жер асты және атмосфералық жағдайларда жоғары ылғалдылық жағдайында пайдаланылатын мұнай жинау жүйесінің мұнай құбырларын тиімді қорғауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретінін көрсетті. Әзірленген композициялық жабынды ТУ 1390-003-11928001-01 «Экструдталған полиэтилен негізінде сыртқы коррозияға қарсы жабынды бар болат құбырлар» қойылатын талаптарға жауап береді.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген болып табылады. Диссертациялық жұмысы барысындағы алынған тұжырымдар, өндіріске ендіру актісі жұмыс нәтижелерінің дұрыс ұйымдастырылуы мен жүргізілуі ғылыми жарияланымдармен негізделеді.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Зерттеу жұмысында алынған нәтижелермен қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.</p> <p>А.А.Есентаеваның диссертациялық жұмысында техникалық госсиполды, полиолефиндер мен толтырғыштарды қолдана отырып, мұнай жинау жүйесінің мұнай құбырларын қорғау үшін коррозияға қарсы жабындарды өндіру технологиясын құру мүмкіндігі негізделген.</p> <p>Зерттеу нәтижелерінің негізділігі мен сенімділігі қазіргі заманғы зерттеу әдістерін қолданумен анықталады. Диссертацияның негізгі бөлімдері апробациядан өтті, бұған Scopus деректер базасындағы ғылыми журналдарда және ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған басылымдарда, сондай-ақ халықаралық</p>

			конференциялардың ғылыми еңбектерінің жинақтарында жарияланған жарияланымдар дәлел бола алады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>7.1 Қорғауға ұсынылған негізгі қағидалар дәлелденген. Докторант А.А.Есентаеваның диссертациялық жұмысы бойынша шығарылған алты қағиданы айтуға болады: 1) Госсипол, полиолефиндер және кейбір толықтырғыштар негізінде қоспа композицияларың алу және оның қасиеттерін зерттеу; 2) Тұрақтандырғыш ретінде техникалық госсиполды пайдалана отырып, бактерияға қарсы композициялар алу; 3) Полиэтилентерефталат, соапсток және толықтырғыштар негізінде коррозияға қарсы құрам алу технологиясын әзірлеу; 4) Мұнай құбырларын коррозиядан қорғауға арналған композициялық құрамдар; 5) Атмосфералық және жер асты жағдайларында мұнай жинау жүйесінің шығару құбырының коррозиясы, композициялық жабын алудың технологиялық схемасы; 6) Коррозияға қарсы жабынның экономикалық тиімділігін есептеу және тәжірибелік-өнеркәсіптік сынау нәтижелері.</p> <p>7.2 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар тривалды емес.</p> <p>7.3 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар жаңа.</p> <p>7.4 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттардың қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар 13 баспа жұмысында жарияланған мақалаларда дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p>	<p>Докторант А.А.Есентаеваның диссертациялық жұмысындағы әдіснама дәйектілік принципіне және дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігіне негізделген.</p> <p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Берілген диссертациялық жұмыс зерттеулерінің тәжірибелік базасы – алынған коррозияға қарсы композициялар мен бастапқы компоненттердің қасиеттерін анықтайтын зерттеудің физикалық,</p>

		<p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>физика-химиялық, химиялық әдістерін қамтыды. Жұмыстың эксперименттік бөлімінде қолданылған әдістер: дисперсиялық талдау, механикалық, реологиялық, үлгіні кесу сынақтары, оптикалық микроскопия, экструдерде қоспаны алу, инфрақызыл, ЯМР және УК спектроскопия. Осы әдістер кешеннің қолдану зерттелетін объектілер туралы қосымша ақпарат алуға мүмкіндік берді. Сондықтан, алынған нәтижелердің сенімділігі заманауи талдау әдістерін қолдану, нәтижелерді математикалық өңдеу, зертханалық және өндірістік сынақтар арқылы қамтамасыз етіледі.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. А.А.Есентаеваның диссертациялық жұмысы материалдары ғылыми сынақтан өтті, олар М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университетінің «Мұнай өңдеу және мұнайхимиясы» талқыланды. Пайдалы модельге екі патент алынды. Диссертацияның негізгі ережелері, кафедрасының отырыстарында, түрлі деңгейдегі ғылыми конференцияларда нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындылары 12 баспа жұмысында баяндалған, оның ішінде: халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда, оның ішінде Scopus деректер базасы бойынша 25-тен төмен емес процентілі бар басылымда 1; ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналдарда 3 мақала; халықаралық конференциялар жинақтары материалдарында 5 мақала; «Оңтүстік Қазақстан ғылымының жаршысы» журналында 1 мақала, ҚР пайдалы модельге 2 патент.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>ҚР БҒМ ресми құжаттары, алыс-жақын шетелдік ғалымдардың жетістіктері, докторанттың зерттеушілік тәжірибесі бойынша маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p>

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Барлығы қажетті деп танылатын және сенімді дереккөздер саны 167 әдебиетті құрайды.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңыздылығы бар. Атап айтсақ, қазіргі мұнай химиясында, көмірсутектерді тасымалдауда жаңа бағыт ашатыны, маңызды ғылыми перспективалары мен маңызды теориялық және практикалық қосымшалары бар екені даусыз. Диссертация мұнай жинау жүйесінің мұнай құбырларын және мұнай кәсіпшілігі жабдықтарын май өнеркәсібінің қалдықтарын, атап айтқанда, соапстоктарды, техникалық госсиполды, полиэтилентерефталатты және олефиндерді коррозиядан қорғау үшін әртүрлі коррозияға қарсы жабындарды өндіру технологиясын құрудың іргелі мүмкіндігін дәлелдеді және теориялық тұрғыдан негіздеді. А.А. Есентаеваның докторлық диссертациясы практикалық қолданылуы бар, жоғары теориялық деңгейде орындалған ғылыми жұмыс болып табылады. Диссертациялық зерттеу нәтижелері теория үшін де, органикалық заттардың химиялық технологиясы саласындағы практика үшін де жоғары ғылыми маңызға ие.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Алынған нәтижелердің практикалық маңыздылығы жаңа өнімнің - құбырлардың қорғаныш жабындарының маңызды әлеуетті нарығымен байланысты. Пайдалану шарттарын ескере отырып, мұнай құбырларын және мұнай жинау жүйесінің жабдықтарын коррозияға қарсы қорғау үшін жергілікті шикізат пен өндіріс қалдықтарын пайдалана отырып, қазіргі заманғы көп функционалды жабындарды алу технологияларын әзірлеу Қазақстанның мұнай-газ саласы үшін үлкен практикалық маңызы бар. Жүргізілген сынақтар диссертация алған композициялық жабындарды мұнай жинау жүйесінің құбырларын коррозиядан қорғау үшін қолдануға болатындығын көрсетті.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75%)	Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады. Алынған нәтижелердің практикалық маңыздылығы жаңа өнімнің - құбырлардың қорғаныш

		жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	жабындарының маңызды әлеуетті нарығымен байланысты. Пайдалану шарттарын ескере отырып, мұнай құбырларын және мұнай жинау жүйесінің жабдықтарын коррозияға қарсы қорғау үшін жергілікті шикізат пен өндіріс қалдықтарын пайдалана отырып, қазіргі заманғы көп функционалды жабындарды алу технологияларын әзірлеу Қазақстанның мұнай-газ саласы үшін үлкен практикалық маңызы бар. Жүргізілген сынақтар диссертация алған композициялық жабындарды мұнай жинау жүйесінің құбырларын коррозиядан қорғау үшін қолдануға болатындығын көрсетті.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация академиялық жазу ерекшеліктеріне сай дербес аяқталған жұмыс және объективті түрде жазылған, ғылыми стильді ұстанған, жүйелі құрылымды сақтаған, сілтемелерді жиі қолдана білген. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.

Есентаева Айжан Амангелдіқызының «Мұнай жинау жүйесінің құбыржолдарын техникалық госсипол және полиолефиндер негізінде антикоррозиялық құрамын құрастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы жоғары ғылыми деңгейде орындалған аяқталған зерттеу болып табылады, ол «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінде» белгіленген өлшемдерге сәйкес келетін ғылыми-біліктілік жұмысты білдіреді, ал диссертант 6D072100 – Органикалық заттардың химиялық технологиясы мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп есептеймін.

Д. В. Сокольский атындағы
отын, катализ және
электрохимия институтының
аға ғылыми қызметкері, PhD докторы



Айт С.

